

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2023)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/ICYL6092>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/LMNL5224>

***М. Т. Джакыпбекова¹, Ш. А. Кыяхметова²**

^{1,2}І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,

Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.

*e-mail: Mamilya_72@mail.ru

«ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫНДАҒЫ ЭТНОГРАФИЗМДЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Бұл мақалада «Қобыланды батыр» жырындағы этнографизмдер жинақталып, қолданыс аясы тұрғысынан түрлері жіктеліп, танымдық мәні айқындалды. Қазақ этнографиясының маңызды қабаттарының бірі – этнографизмдерді кешенді зерттеудің өзіндік тәжірибесін ұсынатын бұл мақалада зерттеуші-ғалымдар Ә.Қайдар, Ж.Манкеева, З. Сәніктің еңбектері басшылыққа алынды. Аталған еңбектерде этнографизмдер тарихпен, мәдениетпен, өнермен бірлікте талданылған, сондай-ақ қазақ тілінің этнографиялық лексикасын қалыптастырудың құрылымы, негізгі әдістері мен түрлері егжей-тегжейлі қарастырылған. Осы теориялық еңбектерді басшылыққа ала отырып, осы еңбектердің негізінде мақалада батырлық жырдан жинақталған этнографизмдер тақырыптық топтарға жіктеліп, олардың танымдық сипаты қарастырылады. Зерттеудің теориялық маңыздылығы батырлық жырдан жинақталған этнографиялық лексика номинациясының қолданыс аясындағы түрлерінің жіктеліп, танымдық сипатының анықталатындығында. Зерттеудің практикалық құндылығы батырлық жырдан жинақталған этнографизмдер және олардың анықталған сипатты белгілері қазақ тілінің түсіндірме, этнолингвистикалық сөздіктерін құрастыруда және этнографиялық глоссарийлердің тізімін толтыру, олардың мағынасын нақтылау, сондай-ақ оларды қазақ әдеби тіліне енгізу мақсатында қолдануға болатындығымен анықталады. Мақала нәтижелері қазақ тілінің сөздік құрамын, тарихи лексикологиясын, қазақ этнографиясын зерттеуге өзіндік бір үлес қосады және қазақ тіл білімінің перспективалы бағыттарының бірі ретінде этнолингвистиканың дамуына ықпал етеді.

Кілтті сөздер: батырлық жыр, этнографизм, таным, этнографиялық лексика, мәдениет.

Кіріспе

Қоғам дамуының барлық кезеңінде тіл халықтың өмірімен, оның мәдениетімен тығыз байланысты, өйткені ол қоғамның материалдық, рухани, адамгершілік мәдениетінің элементтерін көрсетеді. Тіл ұлттың, этнос тарихының қоймасы, оның тасымалдаушысы. Көркем шығармадағы этнографизмдерді зерттеу ұлттық тіліміздің сөздік құрамының терең қойнауларында жатқан тілдік байлығымызды танып, таразылауға мүмкіндік береді. Қазақтың бай ауыз әдебиеті батырлық эпостардағы этнографизмдерді жүйелеу арқылы халқымыздың өткен өмірі, сол кезеңнің экономикалық ерекшеліктері, тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық-саяси құрылымы, халықтың ежелгі сенімдерінің ерекшеліктері туралы түсінік аламыз. Этнографиялық қабаттан жинақталатын көптеген сөздер сөздіктерде қамтылмаған. Көркем шығармадағы этнографизмдерді жинап, жүйелеу ұлттық тіліміздің лексикалық бірліктерінің құрылымдық дамуы туралы құнды материал бере алатындығымен, ежелгі халқымыздың экономикалық қызметінің әртүрлі аспектілерін ашуға көмектесетіндігімен анықталады.

Қазақ тілінің этнографиялық лексикасы – түпкі тамыры ерте дәуірдегі шексіз көне дәуірден бастау алатын бай лексикалық қабаттардың бірі. Халықтың бүкіл тарихын, философиясын, психологиясын кодтайтын ұлттық таңбаланған этнографизмдер қазақ халқының мәдени даму барысын, әлеуметтік және рухани өміріндегі өзгерістерді көрсетеді. Этнография ғылымының қалыптасу тарихын және оның басқа ғылым салаларымен байланысын зерттеген ғалым С. В. Лурье өз еңбегінде осы күнге дейін аталмыш ғылым саласына берілген анықтамалардың әлі де бұлыңғыр екендігін жазса [1, 12], зерттеуші ғалымдар М. Хаммерсли мен П. Аткинсон оның себебін, яғни этнографияның нақты, стандартты анықталған мағынасының болмауын – тарихының күрделі болуымен байланыстырады [2, 17]. Тілдің даму барысында бірқатар этнографиялық терминдер архаизацияға ұшыраса, олардың бір бөлігі тарихи өткен дәуірде болған шындықтармен сабақтас историзмге айналды. Бұл процесс неологизм этнографизмдерінің пайда болуын да алдын ала анықтайды. Бұл этнографизмдерді оның тіліміздегі белсенді және пассивті қоры тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді. Зерттеуші – ғалым Ж.Манкеева «тіл мен мәдениеттің атауына ұйытқы болған этнографизмдер – ана тілі байлығының бір бөлшегі. Бұл атаулар – тілдік қазынаның сүбелі саласының бірі және бүгінде жалпыхалықтық қолданыста жоқ кейбір байырғы сөздер мен сөз

тіркестерінің мағына-мәнін танытатын мәдени әрі тарихи ақпараттар көзі», - дейді [3, 203].

Көркем мәтіндегі этнографизмдерді тереңдете әрі танымдық тұрғыда жан-жақты зерттеу этногенез мәселелерін, ұлтымыздың тарихы, таным теориясы мен номинациясын зерделеуде маңызы зор. Көркем шығарма мәтіндегі этнографизмдерді зерттеу арқылы тілдегі жаңа қолданыстар анықталып, соның негізінде жаңа термин, жаңа атаулар қалыптасады. Сол арқылы тіліміздің сөздік қор саны шет тілден енген кірме сөздер арқылы емес, керісінше халқымыздың тіл қазынасы болып табылатын этноатауларды қайта жаңғырту арқылы толығы түседі.

Материалдар мен әдістер

Зерттеуде теориялық мәселелерді негіздеуде, ұсынылатын тың тұжырымдарды сипаттауда, практикалық бағыттағы жұмыстарды жүйелеуде салыстыру және салғастыру әдістері, сипаттау әдісі, лингвомәдени талдау әдісінің элементтері мен тілдік деректердің сандық сұрыптау әдісі пайдаланылды. Мақала мазмұнына сәйкес нақтыланған мақсаттарды іске асыру үшін мынадай зерттеу әдістері пайдаланылды: ауыз әдебиетіндегі батырлық жырдың мәтіндегі этнографизмдерді жүйелеуде жинақтау әдісі, этнографиялық лексика номинациясының негізгі белгілерін анықтауда саралау әдісі, мәдени және заттық атаулар жүйесін жіктеуде топтастыру әдісі, ұлттың тұрмыс-тіршілігін, кәсібі мен шаруашылығын, тарихи-мәдени өмірін, дүниетанымын және жалпы танымдық дүниесін біріктіретін лексикалық бірліктердің танымдық сипатын айқындауда лингвомәдени және когнитивті талдау әдістері қолданылды. Көркем мәтіннен жинақталған этноатауларға қазақ тілінің түсіндірме, этимологиялық, қос тілді сөздіктерінің негізінде түсінік беріле отырып, этноатаулар түпнұсқа қалпында өңдеусіз, өзгеріссіз ұсынылып, анықтама берілген теориялық зерттеу еңбектердегі мәліметтер сол қалпында берілді.

Нәтижелер мен талқылау

Біздің қоғамды кеңінен демократияландырудың қазіргі жағдайында халықтың өз тарихына, мәдениетіне деген қызығушылығы жандана түсті, зор идеялық-эстетикалық және адамгершілік құндылығы бар рухани мұра ретінде туған фольклордың маңызы арта түсті. Қазақ халқы өзінің көпғасырлық тарихында терең мазмұнымен, жоғары көркемдігімен және жанрлық сан алуандығымен ерекшеленетін, халықтың дәстүрін, тарихын, тұрмысын, оның мұраттарын, ұлттық сипаты мен тілдік ерекшеліктерін зерделеу үшін бай танымдық материал ұсынатын бірегей фольклор жасады. Бұл турасында Ш.Ыбыраев: «Қазақтың батырлық жыры – киелі де аруақты өнер. Ол сөз айдынында ақылдың кені, даналықтың көзі, қаһармандықтың теңдессіз үлгісі ретінде, саз әлемінде дауылдай екпінімен, табиғаттың өзіндей

сыршыл үнімен үлкенді де, кішіні де өзіне тәнті етті» [4, 3], – деген болатын. Бұл идеал ең жоғары моральдық қасиеттерді бойына сіңірді: адалдық, шыншылдық, өз халқына деген сүйіспеншілік, ата-бабаларының жеріне адалдық, үлкендерге құрметпен қарау. Көркем әдебиет идеялық-адамгершілік және эстетикалық тәрбие беретін тиімді құрал болды, ол көркем шығарманы қабылдаудың ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, өнердің ерекше түрлерінің бірі ретінде қарастырылады. Этнолингвист-ғалым Ә.Қайдар «тұла бойы тұнып тұрған этностың өзіне ғана тән қасиетін сипаттау үшін дүниеге келген таза этнографизмдер де тілде аз емес» [5, 468], – деп атап көрсетеді. Қазақтың рухани мәдениетінің бірегей ескерткіші батырлық жырлар қазақ ауыз әдебиетіндегі көркемдік мұра болып табылады. «Қобыланды батыр» жырында халқымыздың тұрмыс-тіршілігі мен мәдени өмірі, әдет-ғұрпы, салт-санасы көркем бейнеленген. «Қобыланды батыр» жырындағы этнографизмдерді жіктесек, мысалы, тұрмыстық заттарға байланысты қолданылатын этнографизмдерге *бақан* (киіз үй тіккенде шаңырақ көтеруге, үзіктер мен түндікті көтеріп жабуға пайдаланылатын ұзындау келген ағаш. Басынан ұшына қарай бірте-бірте жіңішкеріп келген, бір ұшы (жоғарғы) екі аша етіп жасалады, *күйме* (үстін, жан-жағын былғарымен, жібекпен қаптап қоршаған, сәнді жеңіл арба, арба (малға жегуге арналған төрт дөңгелекті құрал), *қамшы* (таспадан өрілген, ағаштан яки сүйектен сабы бар, сабына жез ораған немесе күміс шеге, күмісті шытыралар шабылған, көлік жүргізетін әрі сәндікке ұстайтын құрал) жатады.

Киім-кешек атаулары туралы ғалым С.Кенжеахметұлы өз еңбегінде қазақ халқының ұлттық киімдерінің басқа ұлттардан, тіпті түбі бір түркі халықтарынан да өзгеше болуын – қазақтың көшпелі тұрмысы мен кең байтақ далада еркін ғұмыр кешуімен байланыстырады [6, 344]. Батырлық жырда **киім-кешек, мата атауларынан** *бөрік* (елтіріден, аң терісінен жиек жүргізіп, матамен тысталып тігілген құлақсыз баскиім), *телтек* (төбеге ғана киетін жұқа бас-киім, тақияның бір түрі), *сауыт* (садақ оғы, қылына т.б. қарулардан қорғануға арнайы жасалған жауынгер киімі), *қамқа тон* (иін қандырып, бабына келтіре жұмсартып, қынаға бояған қой терісіне аңдардың асыл терілерінен жаға салып тіккен, сыртынан күміс белбеу буынатын, сәнді, асыл тон), *жейде* (жұқа матадан тігілген, жеңі, жағасы бар ерлер киімі, көйлек), *кебіс* (мәсінің сыртынан киілетін, көбінесе былғарыдан тігіліп, қалыпқа қатырылған қонышсыз аяқкиім) сияқты атаулар кездеседі. Зерттеуші-ғалым О. Нұрмағамбетова «Қобыланды батыр» жырында «Патриархалдық феодалдық қоғамның құрылымын бейнелейтін кең полотнода көшпенді малшылардың тұрмыс реалийлері егжей-тегжейлі айқын суреттелетіндігін» [7,56], алға тартады. Жырды айтушы жыр кейіпкерлерінің сыртқы киім киісіне терең тоқталып, ұлттық киім үлгілерінің сол кезеңге тән белгілерін

сипаттайды және және сол сипаттаудан кейбір тұжырымдар жасауға болады. Жыршы белгілі бөз, жібек, пүліш, барқыт, жүн сияқты мата түрлерін әдемілеп сипаттайды. Көшпенді халық өздері жүннен бұйымдарды жасай алды, тіпті жібек кілемдерді де айтуға болады. Жырда атаулары кездесетін мата түрлерінің барлығын тек сауда арқылы сатып алды. Мақта маталары, ең алдымен, Орта Азиядан шыққан, онда мақта өңдеу ежелгі кәсіп болған, жібек матасы туралы айтылғанда Қытаймен сауда байланысының болғанын білеміз. Жырдан осы маталардың халық тұрмысында қалай бағаланғандығы туралы мәлімет аламыз.

Орта ғасырдағы көшпелі қоғамның өмірі көбінесе әскери іс-қимылдармен айқындалды. Бұл жағдай адамдарды үнемі әскери дайындыққа және олардың өмір салтын әскери қажеттілікпен өлшеуге үйретті. Соғыс ұлы дала көшпенділері үшін тіршіліктің табиғи нысаны болды, дала батырлары әрқашан салт атты болған. Бұл соғыс қимылдарының сипатын, ұрыс түрін және қаруды таңдауды анықтайды. Қару жеңіл, шайқасты жүргізуге ыңғайлы болуы керек еді, әрине, оның сипаты уақытқа, нақты өмір жағдайларына, өндірушінің қолында қандай материалдар болғанына, осы материалдарды қалай өңдеуді білетініне байланысты болды. Батыр қаруының дайындалуында сауда байланыстары да маңызды болды. Қару, кез-келген тұрмыстық зат сияқты, белгілі бір заңдарға сәйкес жасалды, онда халықтың дүниетанымы, оның әдет-ғұрыптары, әдеттері, эстетикалық мұраттары көрініс тапты. Ортағасырлық жауынгердің қаруы іс жүзінде, функционалды түрде, бірдей қарудан тұрды. Барлығы суық қаруды, қалқандар мен жебелерді тесу, кесу, шабу арқылы қолданды. Бірақ әр халықтың ұрыс ережелерімен, салт-дәстүрлерімен байланысты өзіндік ерекшеліктері болды. Ортағасырлық еуропалық жауынгер үлкен металл қалқанды қолданды, көбінесе тікбұрышты пішінді, ол адамды басынан аяғына дейін жауып тұрды. Көшпенділер мұндай қалқандарды қолдана алмады, көшпенділердің қалқаны жеңіл, өте үлкен емес және дөңгелек болуы керек еді. Ол былғарыдан жасалған, тек бірнеше жерде металл тақтайшалармен жабылған. Бұл айырмашылық, ең алдымен, еуропалықтар жаяу соғысып, көшпенділер шабандоз болғандығымен түсіндіріледі. Мысалы, қару-жарақ атауларынан *шоқпар* (бір басы дөңкиіп жұмыр келген ағаштан жасалған қол қару, *садақ* (тобылғы, үйеңкі т.б. ағаш шыбықтарынан доғаша иіп, екі ұшын қайыспен керіп жасаған жебе атуға арналған қол қаруы), *сүңгі* (бірнеше қырлы, екі жағы да ұшты, темірден, болаттан жасалған ағаш сапты найза түрі), пішіні қозы жауырынына ұқсас, ұшы болат, жалпақ жебе, оқ) атауларын кездестіреміз.

Жауынгердің қарулану техникасы оның әлеуметтік жағдайынан хабардар етті. *Дулыға* әдетте әдемі теңгелермен жасалынған, шынжырлы қымбат және алтын мен күмістен жасалды. Жауынгер белбеуі ерекше маңызға ие

болды: әскери ақсүйектер алтын мен күмістен жасалған қымбат металл белдіктерді киді. Белбеу ер адамның ел қорғау ісіне араласуға жасының жеткендігінен хабардар етті, оған әскери жасақта болу құқығын берді, белбеумен салтанатты түрде киінгені жас жігіттің жауынгер болғанын мойындады. Семсерден басқа, көшпенділер сәл қисықтау және өте өткір қылышты пайдаланды, бұл өте белсенді, жоғары жылдамдықпен күресуге мүмкіндік берді. Қару-жарақтың жетекші түрлерінің бірі садақ болды, XIV ғасырдан кейін көшпенділер аң аулауға да, соғыс қимылдарына да қызмет еткен жеңіл қарапайым садақты қолданды. Садақтың өзі мықты ағаштан жасалған, сүйек және металл тақтайшалармен қапталды. Адырна – қойдың ішектерінен, ал асқазаннан қайыңнан жасалған оқтарға арналған қорамсап жасалды. Жауынгердің таптырмас қаруы найза болды, ол ұзындығы екі метрге жуық қарағай ағашынан жасалған және ұшы білікке бекітілген жерде үшбұрышты темір ұшы және қара жібек немесе жылқы қылынан жасалған щетка болған. Батырлық жырдағы батырлардың қолданған қару-жарағы мен оның сипаттамасы сол дәуірдегі халықтың мәдениетінен, тыныс тіршілігінен мағлұмат береді. «Қобыланды батыр» жырында найза – 138 рет, семсер - 20, садақ – 17, қылыш – 43, жебе – 16 рет қайталауы. Мұнда айтылған осы қарудың барлық түрлерін көреміз. Батырлық жырдың мазмұнында қару –жарақ тек батырдың жауды жайратар құрал-сайманы ғана емес, ол оның бүкіл батырлық болмысын танытатын символдық зат ретінде суреттеледі.

«Қобыланды батыр» жырының барлық нұсқасында сақталған бірдей мотив бар, ол Қобыландының болашақ ата-анасы ата-бабаларынан бала сұрап дұға ету үшін қасиетті қабірге барады. Әр түрлі нұсқаларда бұл әр түрлі болады, әкесі де, анасы да қажылыққа барады, бірақ ол әрқашан құрбандық пен дұғамен бірге жүреді. «Қобыланды батыр» жырында бұл оқиға ұзақ суреттелмейді, ол «Алпамыс» жырында толығырақ сипатталған, бұл айырмашылықты «Қобыланды батыр» жырында басты кейіпкер туылғанға дейінгі оқиғаларға жырды айтушылардың көп мән бермегендігімен, керісінше жыршылар Қобыландының дүниеге келген күнінен бастап суреттеуге басымдық бергендігімен түсіндіруге болады. Сондай-ақ, «Қобыланды батыр» жыры шығу тегі жағынан кейін шыққан эпос және шежіреші үшін рулық қасиетті орындар аса маңызды болмады. Бұл батырлық жырда мемлекеттіліктің тұрақты тенденциясы көрінеді, ол ресми мұсылман идеологиясын қолдайды. Сондықтан да жырда Қобыланды мұсылман екендігі қайта-қайта айтылып отырады, «мұсылман» сөзі жырда 21 рет кездеседі.

Халықтың мәдени өмірін түрлі мерекелер мен іс-шарларсыз елестету мүмкін емес. Мереке кезінде адам өзінің күнделікті өміріне қатысты барлық күйбең тірліктен арылып, талаптар мен тыйымдардан алыстайды, және

айналасына балаша көз салып, әлемнің сұлулығына балаша қуана алады. Батырлық жырда да осындай айтулы мерекелердің тойлануы кездеседі, атап айтқанда баланың дүниеге келуі, үйленуі т.б. Әсіресе, шайқастағы жеңісті атап өту міндетті, өйткені жырдың бүкіл мазмұны соғыс тақырыбымен байланысты. Байқап отырғанымыздай, адам өмірінің айтулы кезеңдерінің барлығы атап өтіледі. Қазақ халқының мәдени өмірінде кез-келген мереке ұзақ уақыт бойы барлық қоғам мүшелері қатысатын үлкен мереке, сондықтан да отыз күн ойын, қырық күн тойын жасапты деген тіркес содан қалған. Шын мәнінде, қазақтың ұлан асыр тойы әнмен өрнектеледі, әр түрлі ұлттық спорттық ойындармен, атап айтсақ, көкпар, жамбы ату, қыз қуу, садақ ату, қазақша күрес т.б. ептілік пен күш сынасатын жарыстамен өткеріледі. Қазақ тойы молшылығымен, берекесімен, қуанышқа ортақтасатын адам санының көптігімен ерекшеленеді, сол себепті қазақ тойы «ұлан асыр» деген сипат алған. Мәдени дәстүрлер қазақтарды әлем халықтары мәдениеттерінің орасан зор құрамдас және ажырамас бөлігі етеді, бұл қазақтардың көптеген мәдени дәстүрлерінің өзінің ұлттық ерекшелігін сақтай отырып, басқа халықтардың мәдени дәстүрлерімен ортақ тамыры бар екендігінде жақсы байқалады. Бұл жөнінде З.Сәнік «...бір ұлттан бір ұлтты парықтандырып тұратын айырмашылықтар, әркімнің өзіне тән ұлттық ерекшеліктері пайда болған» [8, 18], – дейді.

Батырлық жырды халықтың мәдениеті, оның өмір салты, идеялары мен менталитеті туралы ақпарат көзі ретінде, әрине, тарихи шежірелермен, тарихи мәліметтерімен және т. б. салыстыруға болмайды. Жырда тарихи деректер аз, сондықтан да ол шындыққа соншалықты жақын бола алмайды, бірақ екінші жағынан алып қарағанда, жырда халықтың тарихи мәдени өмірінің көріністері сақталады, осы тұрғыдан ол этнолингвистикалық дереккөздерге бай болып келеді, өйткені ол сол дәуірдің рухын жеткізеді.

Қорытынды

Қорытындылай келгенде, үшінші мыңжылдықта қазақстандық социум тәуелсіз дамудың тарихи мүмкіндігіне ие болды. Кез келген мәдени дәстүрдің негізінде қандай да бір негіз қалаушы құндылықтар жататыны, яғни қоршаған орта туралы белгілі бір түрде айтылған ұғымдар жататыны баршаға мәлім. Сонымен қатар, белгілі бір адамдардың өмір салты мен көркемдік дүниетанымынан осы құндылықтарды көре аламыз. Өзінің сипатты белгілері бар этномәдени мазмұн діннің, философияның, ғылым мен өнердің шығармашылық бейнелері арқылы көрініс табады. Қазақ халқының осындай бейнелерінің бірі – ауызша поэтикалық шығармашылық. Көшпелі қазақтар үшін ғасырлар бойы бұл мәдени дәстүрді жалғастырудың негізгі тәсілі болды.

Дала өркениетінің біртұтас жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесі бар, тарихи даму кезеңдерінің ортақ схемасы бар, мұны халық эпосы таңқаларлық дәл растайды. Кез-келген ұлттық эпос белгілі бір халық мәдениетінің құрамдас бөлігі бола отырып, осы мәдениеттің жемісі, тарихи тәжірибенің, көзқарастардың, халықтың мұраттарының көрінісі бола отырып, халықтың қалыптасқан күнделікті дәстүрлері мен эстетикасына сәйкес келеді, сонымен бірге біртұтас әлемдік эпикалық қордың бір бөлігін құрайды.

«Қобыланды батыр» жыры ортағасырлық Қазақстан тарихының бүкіл кезеңінен мағлұмат береді. Хронологиялық жағынан алып қарайтын болсақ қазақ халқының мәдени өмірінің барлық саласында болған эволюциялық өзгерістерді байқауға мүмкіндік береді: қоғамдық қатынастар, қоғамның мемлекеттік және әлеуметтік ұйымы, оның құрылымдық тұрақтылығы мен өзгергіштігі, экономикалық қызметі, сенімдері мен әдет-ғұрыптары, наным-сенімдері және т. б.

«Қобыланды батыр» жыры өркениеттің және оның құрамдас бөліктерінің дамуы, қазақ қоғамы жалпы объективті заңдылықтарға бағынатынын растады және адамдардың қоршаған болмысқа қатынасы әлеуметтік-мәдени даму деңгейімен анықталатынын ғылыми дәлелдейді.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Лурье, С. В.** Тарихи этнология. – Алматы : «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 500 б.

2 **Хаммерсли, М., Аткинсон, П.** Этнография : зерттеу принциптері. – Алматы : «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 400 б.

3 **Манкеева, Ж.** Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы : «Абзал-Ай», 2014. – 640 б.

4 **Ыбыраев, Ш.** Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. – Алматы : Ғылым, 1993. – 296 б.

5 **Қайдар, Ә.** Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар, баяндамалар жинағы – Алматы : «Сардар», 2014. – 520 б.

6 **Кенжеахметұлы, С.** Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы : Атамұра, 2013. – 384 б.

7 **Нұрмағамбетова, О.** Қазақтың қаһармандық эпосы «Қобыланды батыр». – Алматы : Дешті Қыпшақ, 2003. – 480 б.

8 **Сәнік, З.** Қазақ этнографиясы. – Алматы : «Ан Арыс», 2016. – 576 б.

9 **Бабалар сөзі : Жүз томдық.** – Астана : «Фолиант», 2006. Т.34: батырлар жыры. – 384 б.

10 **Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі.** Энциклопедия. 1-том. – Алматы : DPS, 2011. – 738 б.

11 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. / Құраст. : Қ. Күдерінова, О. Жұбаева, М. Жолшаева және т.б. – Алматы, 2011. – 744 б.

12 **Мамырбекова, Г.** Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы : мемлекеттік тілді дамыту институты, 2017. – 656 б.

References

1 **Lure, S. V.** Tarixi etnologiya [Historical ethnology]. – Алматы : «Ұлттық аударма byuroсы» қоғамдық қоры, 2020. – 500 p.

2 **Xammersli, M., Atkinson, P.** Etnografiya : zertteu principteri [Ethnography: research principles]. – Алматы : «Ұлттық аударма byuroсы» қоғамдық қоры, 2020. – 400 p.

3 **Mankeeva, Zh.** Qazaq til biliminiñ мәseleleri [Kazakh language and problems of knowledge]. – Алматы : «Abzal-Aj», 2014. – 640 p.

4 **Ybyraev, Sh.** Epos әlemi. Qazaqtyñ batyrlыq zhyrlarynyñ poetikacy [Epic world. Poetics of Kazakh heroic poem]. – Алматы : Ğylym, 1993. – 296 p.

5. **Qajdar, Ä.** Ğylymdağy ğūmyr. Maqalalar, bayandamalar zhinağy [Life science. Articles, collection of reports]. – Алматы : «Sardar», 2014. – 520 p.

6 **Kenzheaxmetūly, S.** Qazaqtyñ salt-dästūrleri men ädet-ğūryptary [Kazakh traditions and customs]. – Алматы : Atamūra, 2013. – 384 p.

7 **Nūrmağambetova, O.** Qazaqtyñ qaharmandyq eposy «Qobylandy batyr» [Kazakh heroic epic «Kobylandy batyr»]. – Алматы : Deshti Qypshaq, 2003. – 480 p.

8 **Sānik, Z.** Qazaq etnografiyasy [Kazakh ethnography]. – Алматы : «An Arys», 2016. – 576 p.

9 Babalar sózi : Zhüz tomдық [Ancestors' speech. Hundred tomes]. – Astana : «Foliant», 2006. T. 34 : batyrlar zhyry. – 384 p.

10 Qazaqtyñ etnografiyalыq kategoriyalar, ūğymdar men atalarynyñ дәstūrlі zhūjesi. Enciklopediya. 1-tom [Traditional system of Kazakh ethnography categories, concepts and titles. Encyclopedia]. – Алматы : DPS, 2011. – 738 p.

11 Qazaq әdebi tiliniñ sózdigi. On bes tomдық. / Qūrast. : Q. Kūderinova, O. Zhūbaeva, M. Zholshaeva zhāne t.b [Kazakh literary language's dictionary. Fifteen tomes]. – Алматы, 2011. – 744 p.

12 **Mamyrbekova, G.** Qazaq tilindegi arab, parsy sózderiniñ түsindirme sózdigi [Arab, parsi words' explanatory dictionary in Kazakh language]. – Алматы : memlekettik tildi damyту instituty, 2017. – 656 p.

Материал 13.03.23 баспаға түсті.

*М. Т. Джакыпбекова¹, Ш. А. Кыяхметова²

^{1,2}Жетысуский университет имени И. Жансугурова,

Республика Казахстан, г. Талдыкорган.

Материал поступил в редакцию 13.03.23.

ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ ХАРАКТЕР ЭТНОГРАФИЗМОВ В ЭПОСЕ «КОБЛАНДЫ БАТЫР»

Статья направлена на обобщение этнографизмов в эпосе «Кобыланды батыр», их классификацию в области применения, определение познавательного смысла. В этой статье, представляющей своеобразный опыт комплексного исследования этнографизмов – одного из важнейших слоев казахской этнографии, руководствовались труды ученых-исследователей А. Кайдара, Ж. Манкеевой, З. Саника. В данных работах проанализированы этнографизмы в единстве с историей, культурой, искусством, а также подробно рассмотрены структура, основные методы и виды формирования этнографической лексики казахского языка. Руководствуясь этими теоретическими трудами, на основе этих трудов в статье будут классифицированы этнографизмы, обобщенные из героической поэмы, и рассмотрен их познавательный характер. Теоретическая значимость исследования заключается в том, что в рамках применения этнографической лексики, собранной из героической поэмы, классифицируются виды и определяется познавательный характер. Практическая ценность исследования определяется тем, что этнографизмы, обобщенные из героической поэмы, и выявленные их характерные признаки могут быть использованы при составлении толковых, этнолингвистических словарей казахского языка и в целях заполнения списка этнографических глоссариев, уточнения их значения, а также включения их в казахский литературный язык. Результаты статьи вносят свой вклад в изучение словарного состава, исторической лексикологии казахского языка, казахской этнографии и способствуют развитию этнолингвистики как одного из перспективных направлений казахского языкознания.

Ключевые слова: Героическая поэма, этнографизм, познание, этнографическая лексика, культура.

*М. Жақыпбекова¹, Ш. Кияхметова²

^{1,2}Zhetysu University named after I. Zhansugurov,

Republic of Kazakhstan, Taldykorgan.

Material received on 13.03.23.

THE COGNITIVE NATURE OF ETHNOGRAPHISMS IN THE EPIC «KOBLANDY BATYR»

The article is aimed at summarizing ethnographisms in the epic «Kobylandy Batyr», their classification in the field of application, and the definition of cognitive meaning. This article, which represents a unique experience of a comprehensive study of ethnographisms – one of the most important layers of Kazakh ethnography, was guided by the works of research scientists A. Kaydar, Zh. Mankeeva, Z. Sanik. In these works, ethnographisms are analyzed in conjunction with history, culture, art, as well as the structure, basic methods and types of formation of ethnographic vocabulary of the Kazakh language are discussed in detail. Guided by these theoretical works, as a continuation of these works, the article will classify ethnographisms collected from literary texts into thematic groups and consider their cognitive characteristics. The theoretical significance of the research lies in the classification of ethnographic vocabulary collected from literary texts according to its usage and the determination of its cognitive characteristics. The practical value of the research is making explanatory, ethno-linguistic dictionaries of the Kazakh language from the accumulated ethnographisms and their identified characteristics, and completing the list of ethnographic glossaries, clarifying their meaning, as well as their introduction into the Kazakh literary language. The results of the article make a significant contribution to the composition of the Kazakh language's vocabulary, historical lexicology, Kazakh ethnography and to the development of ethnolinguistics as one of the promising areas of Kazakh linguistics.

Keywords: Heroic poem, ethnography, knowledge, ethnographic vocabulary, culture.

Теруге 13.03.2023 ж. жіберілді. Басуға 31.03.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,41 МБ RAM

Шартты баспа табағы 25,38. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4037

Сдано в набор 13.03.2023 г. Подписано в печать 31.03.2023 г.

Электронное издание

3,41 МБ RAM

Усл. печ. л. 25,38. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4037

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz